

ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА

Қызылорда облыс бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің қызметіне жүргізілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша

20 маусым 2023 жыл

Қызылорда қаласы

I. Кіріспе бөлімі

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг мәні: ішкі талдау жүргізу;
2. Ішкі талдау объектісінің атауы (*Т.А.Ә., лауазымы, электронды почта мекен-жайы және телефоны*) Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің (*бұдан әрі – Департамент*) құрылымдық бөлімшелері;
3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізілген кезеңі: басталды 28.04.2023 жыл, аяқталды 09.06.2023 жылы.
4. Қадағаланған кезең: 01.04.2022-31.03.2023 жыл аралығы.
5. Талдау анықтамасының құрылымы.

Жұмыс тобының жетекшісі: Департамент басшысының орынбасары – Қ.Бекшин, жұмысшы тобының мүшелері: «Қызылорда - КРО» кеден бекетінің басшысы – М.Абдыкамалов, Заң басқармасының басшысы – Н.Шакизада, Ірі салық төлеушілер басқармасы басшысының міндетін атқарушы – А.Қоспанбетов, Адам ресурстары басқармасының басшысы – Б.Ниеталиев, Аудит басқармасының басшысы – А.Елеманов, Кедендік бақылау басқармасының басшысы – Қ.Айтбаев, Талдау және тәуекелдер басқармасының басшысы – Г.Темирова, Ұйымдастыру-қаржы басқармасы басшысының міндетін атқарушы – Д.Қаратаева, Ақпараттық технологиялар басқармасының басшысы – А.Цой, Камералдық мониторинг басқармасының басшысы – Г.Исаева, Көрсетілетін мемлекеттік қызметтер басқармасының басшысы – М.Искакова, Жанама салықтарды әкімшілендіру басқармасының басшысы – К.Стамбекова, Берешекпен жұмыс басқармасының басшысы – А.Абдуманова, Түсіндіру жұмыстары және байланыс-орталығы басқармасының басшысы – Г.Қарымсақова, Өндірістік емес төлемдер басқармасының басшысы – Г.Шортанбаева, ЕАЭО шеңберінде ҚҚС әкімшілендіру басқармасының басшысы – К.Дурменбаев.

II. СИПАТТАУ БӨЛІМІ:

1. Персоналды басқару

Ішкі талдау жүргізу кезеңінде персоналды басқару саласы бойынша Департаменттің қызмет аясында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

2. Мүдделер қақтығысын реттеу

Ішкі талдау жүргізу кезеңінде мүдделер қақтығысын реттеу саласы бойынша Департаменттің қызмет аясында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

3. Рұқсат беру функцияларын іске асыру

Ішкі талдау жүргізу кезеңінде Рұқсат беру функцияларын іске асыру

саласы бойынша Департаменттің қызмет аясында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталды.

3.1 Лицензияларды пайдаланғаны үшін төленетін төлемақыларды есептеулерді салық төлеушілердің бет есебіне енгізу бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелі анықталды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелінің сипаты:

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 12.02.2018 жылғы №165 «Жекелеген қызмет түрлерімен айналысуға арналған лицензияларды пайдаланғаны үшін төлемақы төлеушілер және салық салу объектілері туралы мәліметтердің нысанын бекіту туралы» Бұйрығына сәйкес ағымдағы кезеңде лицензияларды пайдаланғаны үшін төленетін төлемақыларды есептеулер салық төлеушілердің бет есебіне қолдап тізіліммен енгізіледі.

Бұл әрекет, кірістер органдарының қызметкері мен салық төлеушілер арасында өзара қарым-қатынастар орнатылып, заңсыз әрекеттер жасаудан тұратын сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне алып келуі мүмкін.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою бойынша ұсынымдар:

«Е-Лицензиялау» ақпараттық жүйесінде және «Орталықтандырылған сәйкестендірілген жеке шот» (ЦУЛС) синхрондау арқылы осы бизнес процесті автоматтандыру бойынша ұсыныс енгіземіз, мұнда төлемдерді есептеу - төлеу мерзімі бойынша автоматты түрде жүргізіледі.

Бұл өз кезегінде қызметкерлердің уақыт шығындарын қысқартады, қате есептеудің алдын алады және сыбайлас жемқорлық сипатындағы тәуекелдерді төмендетеді.

4. Бақылау функцияларын іске асыру

Салықтық есептіліктерін мерзімінде тапсырмаған салық төлеушілерді әкімшілік жауапкершілікке тарту шаралары кезіндегі әрекеттер бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталды.

4.1 «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан республикасының кодексінің 720-бабында көзделген баптар бойынша әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді рәсімдеу кезіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелі.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелінің сипаты:

Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексінің 720-бабында 1. Мемлекеттік кіріс органдары осы Кодекстің 91 (алтыншы, жетінші және сегізінші бөліктерінде), 92 (екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде), 92-1, 151 (бірінші бөлігінде), 153, 155, 157, 174 (бірінші, үшінші және төртінші бөліктерінде), 177, 178, 179, 180, 181, 181-1, 194, 195, 196, 203, 205, 221, 233 (бірінші бөлігінде), 239 (бірінші және екінші бөліктерінде), 246-1 (бұл бұзушылықтарға салықтар бойынша аудит жүргізу кезінде жол берілген кезде), 266, 269, 270, 271, 272, 273, 275, 276, 277, 278, 279, 280, 280-1, 281 (бірінші, екінші, 2-1, 2-2 және үшінші бөліктерінде), 282 (бірінші, екінші, 2-1, 2-2, бесінші, оныншы және он екінші бөліктерінде), 284, 285, 285-1, 286, 287, 288, 460-1, 460-2, 464, 471, 472, 473, 474, 521, 522, 523, 524, 525, 526, 527, 528 (бірінші, екінші және үшінші бөліктерінде), 529, 530, 531, 532 (бірінші бөлігінде), 533, 534, 535, 536, 537, 538, 539, 540, 542, 543 (бірінші және екінші бөліктерінде), 546, 547, 548 (бірінші бөлігінде), 551, 552 (бірінші бөлігінде), 553, 554, 555, 556, 557, 558, 571 (бірінші, екінші, 2-1 және

үшінші бөліктерінде), 571-1-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарайды.

2. Мемлекеттік кіріс органдары осы бөлікте санамаланған әкімшілік құқық бұзушылықтар Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы автомобиль, теңіздегі өткізу пункттерінде және тауарларды өткізудің өзге де орындарында жасалған кезде, осы Кодекстің 230 (екінші бөлігінде), 297, 334, 377 (бірінші бөлігінде), 425 (бірінші бөлігінде), 571 (бесінші, алтыншы, жетінші және сегізінші бөліктерінде), 571-1, 572 (бірінші бөлігінде), 573, 589 (автомобиль көлігіндегі әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша), 590 (бірінші, екінші, бесінші, алтыншы, жетінші, сегізінші және оныншы бөліктерінде), 612 (бірінші бөлігінде), 621 (төртінші бөлігінде)-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді де қарайды.

3. Мемлекеттік кіріс органдарының атынан әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік жазалар қолдануға: мемлекеттік кіріс органдарының ведомстволық бағыныстылығына жатқызылған, осы Кодекстің барлық баптары бойынша – мемлекеттік кіріс органдарының басшылары мен олардың орынбасарлары; осы Кодекстің (алтыншы бөлігінде), (екінші бөлігінде), 91 92 195 (бірінші бөлігінде), 269 (бірінші бөлігінде), 270 (бірінші және үшінші бөліктерінде), 271 (бірінші бөлігінде), 272 (бірінші бөлігінде), 276 (бірінші бөлігінде), 284 (бірінші, үшінші, бесінші, жетінші, тоғызыншы, он бірінші, он үшінші, он бесінші және он жетінші бөліктерінде)-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша ескерту түрінде, сондай-ақ 897-бабында көзделген тәртіппен айыппұл түрінде әкімшілік жаза –мемлекеттік кіріс органдарының басшысы уәкілеттік берген лауазымды адамдары құқылы деп көрсетілген.

Мемлекеттік кірістер органдарының қызметкерлері жоғарыда көрсетілген баптар бойынша әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қағаз жеткізгіште яғни қолмен толтыру арқылы рәсімдейді.

Әкімшілік жауапкершілікке тарту бойынша тізімдер әртүрлі бағдарламадан тарту арқылы, тізімі жасақталады. Осы тізімнің толықтығы қызметкерге қатысты. Сонымен қатар бұл жерде әкімшілік істі рәсімдеуші қызметкер мен салық төлеушілер арасында жүзбе-жүз байланыс орнату арқылы жүзеге асырылады.

Сондықтан, әкімшілік істерді қағаз жеткізгіште қолма-қол рәсімдеу барысында салық төлеушілермен өзара қарым-қатынастар орнатылып, заңсыз іс-әрекеттер жасаудан тұратын сыбайлас жемқорлық тәуекелдері бар.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою бойынша ұсынымдар:

- Салық міндеттемелерін орындамау жөніндегі хаттамалар (ескерту) салық төлеушілердің қатысуынсыз толтырылу, электрондық тәсілмен хабардар етілу;

- 5 күн өткеннен кейін СЕН белгіленген ұсыну мерзімінен кеш ұсынылған жағдайда, әкімшілік хаттаманы автоматты түрде қалыптастыруды көздеу, салық төлеуші үшін «растаймын» режимнің болуымен SMS хабарлама жіберу арқылы әкімшілік хаттама жасауға келісім беру

мүмкіндігін жасау. Бұл өз кезегінде салық органдарына әкімшілік хаттаманы салық төлеушілердің қатысуынсыз жасауға мүмкіндік береді;

- Егер салық төлеуші әкімшілік хаттаманы оның қатысуынсыз жасауға келісімін растамаса, онда белгілі бір уақыттан кейін (мысалы, 10 күннен кейін) ескерту немесе айыппұл түрінде (қайталанған жағдайда) қарау туралы қаулыны автоматты түрде шығаруды қалыптастыру көзделсін, одан әрі салық төлеушінің ұялы телефон нөміріне (1414 ұқсас) әкімшілік хаттама толтырылуы туралы SMS хабарлама жіберілсін. Бұл жағдайда азаматтардың мобильді дерек Қорын ҚСЖАЕК ӘІЖБТ ақпараттық жүйесімен байланыстыру.

4.2 Мемлекеттік органмен есептелген салықты әрбір салық төлеушінің бет есебіне енгізу барысындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелінің сипаты:

1. Жеке тұлғалардың көлік салығын СТ әрбір объекті бойынша өз бетінше есептеп төлейді.

Салық кодексінің 493-бабының 9-тармағына сәйкес, есеп-қисаптар сальдосын айқындау мақсатында салық уәкілетті органның мәліметі негізінде есепті салықтық кезеңнен кейінгі жылдың 1-мамырынан кешіктірмейтін мерзімде салық есептеуді жүргізеді.

Ал есептелген салықты әрбір салық төлеушінің бет есебіне енгізу, олардың салықтан жеңілдіктерін анықтау қолмен, яғни қызметкерлер тарапынан жүргізіледі.

Егер есептелуге тиіс көлік салығы бет есепке енгізілмей қалса немесе толық емес енгізілсе СТ қарыз қалыптаспайды, тиісті мәжбүрлеу шаралары жүргізілмеуі мүмкін.

2. Жеке тұлғалардың мүлік салығынан объекті 174832, 150284 салық төлеуші бар.

Осы объектілер бойынша мүлік салығы, жер салығы қолмен есептеліп бет есепке енгізіледі.

Кейбір объектілерге тиісті салық есептелмеуі немесе артық есептелуі, яғни адами фактордың орын алуы мүмкін.

Осыған байланысты, уәкілетті органның мәліметі негізінде автоматты түрде салықтары есептеліп, автоматты түрде бет есепке енгізу үшін арнайы бағдарлама қажет.

3. Уәкілетті органдардың рұқсатымен берілетін төлемақылар сомаларыда бет есепке қолмен енгізіледі. Бұл ретте де мәліметтердің бет есепке дұрыс енгізілмеуі орын алуы мүмкін.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою бойынша ұсынымдар: Осыған байланысты, уәкілетті органның мәліметі негізінде автоматты түрде мәліметтері есептеліп, автоматты түрде бет есепке енгізу үшін арнайы бағдарлама енгізу қажет. Бұл сыбайлас жемқорлық тәуекелінің алдын алады.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету

Кеден органы белгілеген кедендік транзит мерзімі декларанттың немесе тасымалдаушының уәжді өтініш жасауы бойынша белгіленген мерзімнің шегінде ұзартылуы бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталды.

5.1 Сыбайлас жемқорлық тәуекелінің атауы: Кедендік төлемдер мен салықтар бойынша берешекті өтеу туралы хабарламаларды қалыптастыру кезіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелі.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелінің сипаты:

Мемлекетіміздің әрбір азаматы Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы кодексінің 117-бабында айқындалған тәртіппен кедендік төлемдер, салықтар, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждары, өсімпұлдар, пайыздар бойынша берешекті өндіріп алу үшін төлеушіге, оның ішінде ынтымақты міндетті болатын тұлғаға кедендік баждар, салықтар, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждары, өсімпұлдар, пайыздар бойынша берешекті өтеу туралы хабарлама жібереді.

«Кедендік төлемдер, салықтар, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждары бойынша берешекті, өсімпұлдарды, пайыздарды өтеу туралы хабарлама төлеушіге:

- тексеру нәтижелері туралы хабарламаның орындалу мерзімі өткен;
- кедендік баждардың, салықтардың, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарының, өсімпұлдардың, пайыздардың белгіленген мерзімде төленбеген сомалары туралы хабарламаның орындалу мерзімі өткен;
- тексеру нәтижелері туралы хабарламаға шағымды қарау қорытындылары туралы хабарлама жіберілген күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей жіберіледі» - делінген.

Салық төлеушінің берешегі пайда болған жағдайда Пост-кедендік бақылау бөлімімен бұзушылықты жою туралы хабарлама салық төлеушіге қолма-қол табысталады. Салық төлеуші тарапынан аталған хабарлама орындалмаған жағдайда, мәжбүрлеп өндіру тәсілдері мен шараларын қолдану үшін тиісті бөлімдерге қызметтік жазба жолдау арқылы жүзеге асырылады. Мәжбүрлеп өндірумен айналысатын бөлімдер қызметтік жазбаны алғаннан кейін 5 жұмыс күннің ішінде, қолма-қол кедендік төлемдер мен салықтардан берешекті өтеу туралы хабарлама құрастырып салық төлеушілерге қолма қол табыстайды. Бұл ретте хабарламаларды қолма-қол табыстау барысында сыбайлас жемқорлық тәкелдері туындайды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою бойынша ұсынымдар:

Осыған орай, салықтық әкімшіліктендіруді жақсарту, бюджетке берешекті болдырмау және уақытылы өндіру мақсатында, Кедендік төлемдер мен салықтар бойынша берешек пайда болған жағдайда, автоматты түрде Кедендік төлемдер, салықтар, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждары бойынша берешекті, өсімпұлдарды, пайыздарды өтеу туралы хабарлама құрастырылып, электронды түрде табыстау. ИС «Астана-1» мен ИСНА бағдарламалары арасында интеграциялау арқылы хабарлама қалыптастыру.

Жұмысшы тобының жеткшісі:

Бекшин

Қ. Бекшин

Жұмысшы тобының құрамы:

Абдыкамалов

М. Абдыкамалов

Шакизада

Н. Шакизада

Қоспанбетов

А. Қоспанбетов

Нияталиев

Б. Нияталиев

Елеманов

А. Елеманов

Қ. Айтбаев

Темирова

Г. Темирова

Қаратаева

Д. Қаратаева

Цой

А. Цой

Исаева

Г. Исаева

Искакова

М. Искакова

Стамбекова

К. Стамбекова

Абдуманова

А. Абдуманова

Қарымсақова

Г. Қарымсақова

Шортанбаева

Г. Шортанбаева

К. Дурменбаев